

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 және 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 желтоқсандағы N 1296 қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:
IV "Шығындар" деген бөлімде:

10 "Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген функционалдық топта:

212 "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген әкімші бойынша:

215 "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен орман шаруашылығы ұйымдарының материалдық-техникалық базасын дамыту" деген бағдарламада:

032 "Орманды орналастыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны дамыту" деген кіші бағдарламадағы "4300" деген сандар "4034" деген сандармен ауыстырылсын;

033 "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың материалдық-техникалық базасын дамыту" деген кіші бағдарламадағы "68154" деген сандар "68420" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы және қоршаған ортаны қорғау" деген функционалдық топта:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі" деген әкімші бойынша:

736 "Ауыз су" салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген бағдарламада:

030 "Ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерін салу және қайта жаңарту" деген кіші бағдарламада:

"Қызылорда облысындағы Жиделі топтық су құбырын (1-кезегі) салу" деген

жолдағы "салу" деген сөз "қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын;
031 "Сумен қамтамасыз ету жүйелерін салу және қайта жаңарту" деген кіші
бағдарламада :

"Ақтөбе облысы Шалқар қаласының су құбырлары құрылыстарын қайта жаңарту
және жөндеу" деген жолдағы "су құбырлары" деген сөздер "су шаруашылығы" деген
сөздермен ауыстырылсын ;

"Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданының Кеңгірбай ауылында су құбырын
қайта жаңарту" деген жолдағы "Кеңгірбай" деген сөзден кейін "би" деген сөзбен
толықтырылсын ;

"Жамбыл облысы Қордай ауданы Қордай ауылының кентішілік бөлу желісі 2-
кезегінің құрылысы" деген жолдағы "ауылының кентішілік бөлу желісі 2-кезегінің
құрылысы" деген сөздер "ауылын сумен қамтамасыз ету" деген сөздермен
ауыстырылсын ;

"Қарағанды облысындағы Қ.Сәтпаев атындағы каналдың сорғыш станциясын
күрделі жөндеу" деген жолдағы "күрделі жөндеу" деген сөздер "қайта жаңарту" деген
сөздермен ауыстырылсын ;

"Қызылорда облысының Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының құрылысы (3-
кезегі)" деген жолдағы "335330" деген сандар "134517" деген сандармен ауыстырылсын
;

"Қызылорда облысының Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының құрылысы (3-
кезегі)" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қызылорда облысының Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырының және оған қосылу
тармағының құрылысы (4-кезегі) 200813";

"Павлодар облысының Ертіс ауылында су құбыры желілерін қайта жаңарту" деген
жолдағы "ауылында су құбыры желілерін қайта жаңарту" деген сөздер "ауылының бас
су жиналғысы мен суағарын қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Оңтүстік Қазақстан облысының Абай топтық су құбырынан Мақтаарал ауданының
ауылдық елді мекендерін сумен қамтамасыз ету" деген жол мынадай редакцияда
жазылсын :

"Оңтүстік Қазақстан облысының қолданыстағы Жетісай топтық су құбырынан
Жетісай қаласына дейінгі суағар";

2) "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың
паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29
желтоқсандағы N 1429 қаулысына :
көрсетілген қаулыға 145-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-
тармақ кестесінің 5-бағанында :

040-кіші бағдарламадағы "компьютерлер - 3 бірлік, офистік жиһаздар - 22 бірлік,
зертханалық жиһаздар - 32 бірлік, ғимараттарға, құрылыстарға және тағы басқа

зертханалық жабдықтарға күрделі жөндеу." деген сөздер "компьютерлер - 5 бірлік, принтерлер - 2 бірлік, көшіру аппараты - 1 бірлік, сканер - 1 бірлік, плоттер - 1 бірлік, офистік жиһаздар - 22 бірлік, зертханалық жиһаздар - 40 бірлік, зертханалық жабдықтар - 23 бірлік." деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 148-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

033-кіші бағдарламадағы "байланыс құралдары "KENWOOD" - 65 бірлік." деген сөздер "байланыс құралдары ("KENWOOD" радиостанциясы) тұрақты - 1 бірлік, ұтқыр - 80 бірлік (соның ішінде қосымша 15 бірлік), алып жүретін - 18 бірлік." деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 157-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанында:

033-кіші бағдарламадағы "1,6-2,0 мың гектар" деген сөздер "4,9-5,4 мың гектар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"89,0-100,0 мың гектар алаңға гербицидтерді сатып алу" деген сөздер "106,4-117,4 мың гектар алаңға гербицидтерді сатып алу, соның ішінде олардың қорын жасау;" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 184-қосымшада:

7 - тармақта:

1) тармақшада:

"Оңтүстік Қазақстан облысы Абай топты су құбырынан Мақтаарал ауданының ауылдық елді мекендерін сумен жабдықтау" деген сөздер "Оңтүстік Қазақстан облысының қолданыстағы Жетісай топтық су құбырынан Жетісай қаласына дейінгі суағар;" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Жамбыл облысы Қордай ауданының Қордай ауылын сумен жабдықтау; Қызылорда облысының Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын және оған қосылу тармақтарын (3-кезегі) салу" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

"Алматы облысы Түрген сутартқышын қайта жаңарту" деген сөздер алынып тасталсын;

"су құбыры" деген сөздер "су шаруашылығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кенгірбай би, Аркат, Құндызды" деген сөздер алынып тасталсын;

"Жамбыл облысы Қордай кентінің жүйесін жаңғырту" деген сөздер алынып тасталсын;

"ауылының су құбырлары жүйесін" деген сөздер "ауылына дейінгі бас су жиналғы мен суағар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ақмола облысы Нұра топтық су құбырын қайта жаңарту (1-кезегі);

Солтүстік Қазақстан облысы Булаев топтық су құбырын қайта жаңарту (1-кезегі);
Солтүстік Қазақстан облысы Есіл топтық су құбырын қайта жаңарту (1-кезегі);" деген
сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада:

"8 құрылысын салу және 8-ін жаңғырту" деген сөздер "7 құрылысын салу және 10-
ын қайта жаңарту" деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулыға 188-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-
тармақтың кестесінде:

5-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Негізгі құралдарды сатып алу:

К-701 тракторының двигателі (ЯМЗ - 240) - 1 бірлік;

К-700 тракторының двигателі (ЯМЗ 238) - 2 бірлік;

К-701 тракторының беріліс қорабы - 1 бірлік;

К-700 тракторының беріліс қорабы - 1 бірлік".

6-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

" I V т о қ с а н " ;

7-баған мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі